

Бірлігіміз көпке үлгі



2-БЕТ

Көкшетауда ұстаздар форумы өтті



6-БЕТ

«Адам өмірінен асқан құндылық жоқ»



8-БЕТ



• СӘТІ ТҮСКЕН СҰХБАТ

Айгүл МАНАСБАЕВА, Алматы облысының экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы басшысының орынбасары:

## «ТУРИЗМДІ ДАМУ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМГЕ ОҢ ӨСЕРІН ТИГІЗЕДІ»

– Айгүл Жұмаханқызы, Алматы облысындағы экономикалық ахуал туралы не айта аласыз? Қай бағыттағы өсімді ерекше атап өйіңіз?

– Алматы облысы аграрлық-индустриалды аймақ. Мұнда республикадағы ауыл шаруашылығы өнімінің 9,4% өндіріліп, өңдеуші секторға ерекше көңіл бөлінеді. Өнеркәсіп өндірісіндегі өңдеу секторының үлесі 90%-ға жетеді, бұл республикадағы ең жоғары көрсеткіштердің бірі. Оның ішінде өнім көлемінің үштен екісі тамақ өнімдері мен сусындар және темекі өнімдерінің өндірісіне тиесілі.

Облыс өзінің даму қарқынын сақтауда. Ол әлеуметтік-экономикалық даму көрсеткіштерінің алдыңғы жылдармен салыстырғанда жоғарылағаны байқалады. Мысалы, 2023 жылдың қорытындысы бойынша өнеркәсіпте 6% өсіммен 1 трлн 716,7 млрд теңгенің өнімі өндірілді. Ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемі 817,6 млрд теңгеге жетті. Құрылыс жұмыстарының көлемі 330,7 млрд теңгені құрап, нақты индексі 103,2% болды. Облыс экономикасына 10,7% өсіммен 705,3 млрд теңге инвестиция тартылды. Сауда көлемі 1 трлн 486,3 млрд теңгені құрады. 68,4 мың жаңа жұмыс орны ашылған, оның ішінде тұрақты жұмыс орындары – 56,7 мың.

2023 жылы облысымыздың дамуына ықпал ететін бірқатар маңызды шаралар қабылданды:

Қонаев қаласының бас жоспары және Қонаев қаласының 2023–2027 жылдарға арналған әлеуметтік-экономикалық дамуының кешенді жоспары бекітілді;

облыс құрамында жаңа Алатау қаласының бас жоспарын бекіту сатысында арнайы «Алатау» экономикалық аймақ құрылды;

Үлкен Алматы айналма жолы (УААЖ) ашылды;

Алматы облысы халқының табысын 2029 жылға дейінгі арттыру жөніндегі өңірлік жоспар әзірленді;

инвесторларды тарту және олардың оң тәжірибесін қолдану мақсатында Сингапурға, Қытайға, Түркияға шетелдік сапарлар ұйымдастырылды;

(Соңы 5-бетте)

# ЗАН газеті

ZANMEDIA.KZ

✉ zangazet@mail.ru

№35 (3664)  
14 мамыр 2024



Қоғамдық-саяси, құқықтық газет

• БҮГІНГІНІҢ БАС ТАҚЫРЫБЫ

## БИШІМБАЕВ СОТЫ: ТӘРБИЕСІЗ БЕРІЛГЕН БІЛІМ – АДАМЗАТТЫҢ ҚАС ЖАУЫ



Өз әйелін айуандықпен өлтірді деп күдікке ілінген Қуандық Бишімбаевқа қатысты сот процесі аяқталуға жақын. Астанадағы қылмыстық істер жөніндегі мамандандырылған ауданаралық сотта алқабилердің қатысуымен өтіп жатқан бұл процесске қазақстандықтармен қатар шетелдіктер де зор қызығушылық танытып отыр.

(Соңы 3-бетте)

• БАЗЫНА

## ҰЛТТЫҢ УЫЗЫ – ТІЛ, ҰЙЫТҚЫСЫ – ОТБАСЫ

Мемлекеттік тіл мәселесіне қоғам назарын аударудың жолы көп. Біз сол жолдың түр-түрін тауып, оларды орталық және жергілікті билікке ұсынып келеміз. Қазақтар «Ұлттың уызы – тіл, ұйытқысы – отбасы» деп бекер айтпаған. Демек, әрбір отбасы, әрбір шаңырақ ана тіліміз – қазақ тілін қадір тұтып, әрбір ата-ана оған ынталы да ықыласты болуы қажет. Осыған байланысты «Ана тілі және отбасы» жобасын қолға алатын кез келді.

Жалпы алғанда, ұлт тарихы, тіл тағдыры – күрделі құбылыс. Тіл ұлтпен бірге жасайды және өркендейді. Тіл мен тарих тамырлас деген тәсіл де осыдан шықса керек! Тіл – қарым-қатынас құралы және оның бес функциясы бар – дейді ғалымдар: 1 – отбасы, ошақ қасы; 2 – экономика; 3 – саясат; 4 – бизнес; 5 – ғылым және технология. Осылардың ішінде қазақ тілі үшін маңыздысы – отбасы. Өйткені, барлық ұлт үшін туған тілді үйренетін ортасы – отбасы. Баланың сәби кезінен бастап жанында анасы болғандықтан, оған кішкентайынан тіл үйрететін де – анасы. Қазақтардың, Ата тіл демей, Ана тілі дейтіні де осыған байланысты. Ал, қазақтар жұрт, мекен, тек, дәстүрге келгенде Атажұрт, Атамекен, Ата-

тек, Ата дәстүр дейді ғой. Шындығында балаға тіл үйретуді және оны қазақ немесе орыс балабақшасына, мектепке апаруды, яғни тілді таңдау жағын анықтауда ананың рөлі айрықша. Әрине, әкенің рөлін де жоққа шығаруға болмайды. Десек те, көп жағдайда ұл-қызды қазақ немесе орыс балабақшасына беруді әкесі емес, шешесінің шешетіні анық нәрсе. Оның себептерінің қатарында әкелердің үйден гөрі түзде көп болатындығы және балаларымен көп сөйлесе бермейтіні сияқты түрлі жағдайлардың әсер ететіні белгілі. Сондықтан, қазақ тілін ұлықтаудағы аналардың жауаптылығын көтеру маңызды.

1996 жылы Шымкент қалалық Тіл басқармасында істеп жүргенімде бастама ретінде «Ана

тілі және отбасы» жобасын әзірлеп, Оңтүстік Қазақстан облыстық Тіл басқармасымен бірлесіп біраз оңды істер атқарған едік. Бұл жоба өз отбасында ана тілінде сөйлемейтін, негізінен орыс тіліне бейімделіп кеткен, өз үйінде ғана емес, балабақшада, оқу орнында, жұмыста, мекеме мен ұйымдарда ана тілін қолданбайтын, қазақ тілін білмейтін немесе шорқақ, шала сөйлейтін, сөйлегісі, үйренгісі келгенмен, үйренудің жолын таппай жүрген қазақтар мен қазақ отбасыларына арналған. Жобаның мақсаты – қаламыздағы әрбір отбасына, қоғамымыздың әрбір мүшесіне қазақ тілінің мерейлі мәртебесін ұғындыруға, оқып-үйренуге және қолдануға, ұлттық тілімізді рухани қуат, мемлекетіміздің келешегі ретінде бағалай білуге жұмылдыру.

Жоба аясында «Ана тілі – арың бұл» деген тақырыппен телеарналар арқылы отбасына арналған бейнероликтер топтамасын көпшілікке ұсынған едік. Кейін Тіл басқармалары таратылған соң жобаның жұмысы да тоқтады. Болашақта осы бағыттағы жаңа жобалар мен тың ұсыныстар

жалғасын тауып, «Тіл туралы» заңда, мемлекеттік бағдарламада көрсетілгендей, мемлекеттік тілдің басымдығы көзделсе дұрыс болар еді.

А.Байтұрсынұлы: «Балам деген жұрт болмаса – жұрттың дейтін бала қайдан шықсын!» дей келіп, «баланы ұлша тәрбиелесен ұл болмақшы, құлша тәрбиелесен құл болмақшы» деп ескерткен екен. Сондағы ұлша дегені, баланы өзінің ана тілімен оқытып, ұлттық салт-дәстүрде тәрбиелеу, ал құлша дегені өзге ұлттың тілімен оқытып, өзге ұлттың психологиясымен, яғни құлдық психологиямен тәрбиелеу дегені болса керек. Шындығында да ұл-қыздарымыз еліміздің нағыз отаншыл, ұлтжанды патриоты болып өсуі үшін отбасында немесе балабақша мен мектепте ана тілінде тәрбие алуы қажет. Бұл көп елде сынақтан өткен, әбден дәлелденген ақиқат, аксиома!

Соңғы уақытта әлеуметтік желіде қазақ тілінің мәселесі жиі көтеріліп жүр. Айтылып, жазылып қана қоймай, көптегі іс-шараларды ұйымдастыруды қолға алғандар да бар.

(Соңы 2-бетте)



